

**Анарбаев Ермек Ахметовичтің «Ауылшаруашылық жерлердің пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, сапалық жағдайын бағалау және зерттеу (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына жазылған  
ШКІР**

Диссертациялық зерттеудің қазіргі уақытта өзекті екендігі көңілге күдік тудырмайды және ауылдық аумақтардың жер әлеуетін қолдану тиімділігін көтеру міндетінен келіп шығатын жердің кадастрлық құнын бағалау саласындағы зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Жер ресурстарын бағалау, жекелей алғанда ауыл шаруашылығы жерлері – мемлекет қызметіндегі маңызды құрал, атап айтқанда аграрлық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үнемі жалғасатын және үздіксіз жүзеге асырылатын институтты дамыту болып табылады.

Ғылыми қағидалардың негізделгендігі, қорытындының жасалғандығы, ұсыныстардың берілгендігі ізденушінің отандық және шетелдік ғалымдардың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы жер ресурстарын басқару, ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау, табиғатты пайдалану және жерге орналастыру экономикасы бойынша мәселелерді қамтитын еңбектерін зерттегендігі көрініп тұр.

Қорытындының және ұсыныстардың дәлелділігі диссертацияның зерттеулер мен ұсыныстар рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған, атап айтқанда Scopus, Қазақстан Республикасының БҒСБК мәліметтер базасына кіретін журналдарда, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференцияларда шыққандығымен расталады.

Диссертациялық зерттеудің қолжетімділігі ауыл шаруашылығы жер пайдаланудың құрылымы бойынша жалпыға қолжетімді статистикалық мәліметтермен, сонымен қатар арнайы көздерден алынған көпқырлы аграрлық экономиканы тұрақты дамыту үшін ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнының факторлық көрсеткіштері туралы ақпараттармен қамтамасыз етілген. Автор өзінің жұмысында абстракты-логикалық, диалекті, монографиялық, факторлық талдау, корреляциялық-регрессиялық талдау, математикалық модельдеу тәсілдерін пайдаланған. Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасы ретінде нормативтік-құқықтық актілер, бағалау стандарттары, билік органдарының статистикалық есептері, стратегиялық бағдарламалар қолданылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы бірқатар теориялық және қолданбалы сипаттағы дайындаулардан тұрады: әсіресе көп өлшемді (жердің кадастрлық құнын бағалауды биосфералық, экономикалық және әлеуметтік санаттар тұрғысынан қарау) тәсілді қолдана отырып, ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын кешенді бағалаудың әдіснамасы ұсынылып отыр, ол өз кезегінде ауыл шаруашылығы жерлерін халық шаруашылықтық құндылық ретінде көрініс табуы, жер нарығының даму заңдылығын есепке алу, жер-бағалау жұмыстарының нәтижелерін кең спекторлы қамтамасыз ету. Диссертацияда ұсынылған ғылыми жаңалықтары тұрақты даму және әлемдік,



ұлттық экономикаға сүйене отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикалық және экологиялық, әлеуметтік мәселелерін кешенді шешуі жасыл экономика бағдарламасының шеңберінде қарастырылған.

Е.А.Анарбаев жұмысының тәжірибелік құндылығы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер ресурстарын басқарудағы ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалау нәтижелерін және пайдалану тәсілдерін жаңа технологиялық тұрғыда ұсынумен қорытындыланады.

Диссертациялық ізденістегі ұсынылған әдіснамалар жер-бағалау саласындағы экологиялық және әлеуметтік-экологиялық қолданбаларды жүзеге асыру кезіндегі республика органдарымен қолданылуы мүмкін.

Зерттеудегі көрсетілген теориялық және әдіснамалық қағидалар мақсатты түрде Түркістан облысындағы ауыл шаруашылық және жер қатынастары, құрылыс, жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша басқармалары, сонымен қатар кадастр және жерге орналастыру саласында болашақ мамандарды даярлау үшін ғылыми және практикалық құндылығы бар деп сенімдімін.

Диссертацияда құрылған қорытындылар мен ұсыныстар Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы, оның барлық территориясында, агроқұрылымдар бойынша жұмыс жасайтын өндірістерде ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау және қорғауды жүзеге асыратын механизмдерді реттеудегі экономикалық жетілдірулерді, жер ресурстарын пайдалану мен болжау бойынша ғылыми ұсыныстарды даярлайтын, мекемелер мен ғылыми-зерттеу институттарында, жобалау ұйымдарында қолданылуы мүмкін.

«Ауылшаруашылық жерлердің пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, сапалық жағдайын бағалау және зерттеу (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы жұмыс өзіндік сипаты бар аяқталған зерттеу болып табылады, яғни ғылыми жаңалықты қамтиды, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, алдына қойылған мәселелері шешілген, кадастрлық құнды кешенді тұрғыдан бағалау бойынша әдіснамалары дайындалған.

Диссертациялық жұмыс докторантура бойынша барлық талаптарға сәйкес келеді, сондықтан жұмысты толық аяқталған зерттеу ретінде қорғауға ұсынуға болады деп есептей отырып, оның авторы PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекшісі,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік  
Қазақстан зерттеу университеті,  
“Экология” кафедрасының  
профессоры, т.ғ.к.

*С. Кенжибаева*



С. Кенжибаева